

Қазақстан Республикасында энергия үнемдеу саясатын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 19 сәуір N 474

Энергия ресурстарын тиімді пайдаланудың көкейкестілігін ескере отырып және энергия үнемдеу саясатын жүйелі түрде жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі және Экономика министрлігі әзірлеген Қазақстан Республикасындағы Энергия үнемдеу бағдарламасы мақұлдансын.
2. Қазақстан Республикасында Энергия үнемдеу бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі бірінші кезектегі шаралар жоспары бекітілсін /қоса беріліп отыр/.
3. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және өзге де атқарушы органдардың бірінші басшыларына, облыстардың және Алматы қаласының әкімдеріне бірінші кезектегі шаралар жоспарының орындалуына жеке жауапкершілік жүктелсін.
4. Қазақстан Республикасында Энергия үнемдеу бағдарламасын және

энергия үнемдеу саясатының жалпы үйлестірілуін жүзеге асыру жөніндегі бірінші кезектегі шаралар жоспарының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 19 сәуірдегі
N 474 қаулысымен
бекітілді

Қазақстан Республикасында энергия үнемдеудің Үкімет
бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі бірінші
кезектегі шаралардың
жоспары

Шара	Құжаттың түрі
1	2

1. Энергия үнемдеудің бағдарламасын жүзеге асыруды басқарудың ұйымдық құрылымын жасау

Қаулы

2. Жасалынып жатқан аймақтық және салалық индикативтік жоспарларының көрсеткіштер құрамына өнімнің, жұмыстар мен қызметтердің бірлігіне жұмсалатын энергия ресурстарының өзіндік шығынының көрсеткішін қосу

Экономикаминінің
шешімі

3. Энергияны үнемдеу және дәстүрден тыс энергия көздерін енгізу шараларын жүзеге асырушы шаруашылық субъектілерді қолдау жөніндегі шараларды әзірлеу

Қор туралы ереже
Үкімет шешімі

энергия үнемдеу және дәстүрден тыс энергия көздерін енгізудің мақсатты қорын құру

энергиялық тиімді және энергияны үнемдей. тін жабдықтарды, халық тұтынатын тауарларды, машиналарды, механизмдердің импортын ынталан. дыру жүйесін әзірлеу

Үкімет қаулысы
Бағамеммонсаясат.
комы

энергия ресурстарын тиімді пайдаланушы тұтынушыларды олар үшін сараланған бағалар мен тарифтерді белгілеу жолымен ынталандыру тәртібін әзірлеу

Бағамонкомы,
Энергиякөмір.
минінің шешімі

4. Энергияны көп тұтынатын өнеркәсіп кәсіпорын. дары үшін электр энергиясын, газды пайдаланғаны /тәуліктік, маусымдық/ үшін есептің және есеп. тесудің көпзоналық жүйесін енгізу

Энергиякөмірмині,
Мұнайгазмині және
Бағаменмонсаясат.
комының бірлескен
шешімі

5. Өнімнің, жұмыстарды қызметтердің бірлігіне Мемстатком нұсқауы.
шығындалатын энергия ресурстарының өзіндік ның стат есеп нысаны
шығынының құнымен санағандағы көрсеткіштерді
1997 жылы Мемлекеттік статистикалық есеп беру
жүйесіне енгізу

6. Ведомстволық нормативтік құжаттар әзірлеу:

- жұмыс істейтін және салынып жатқан объекті. Ережелер
лердің энергия сараптарының ережелері;

- Электр энергиясын пайдалану ережелері Ережелер

Жылу энергиясын пайдалану ережелері Бұл да сол

- газды пайдалану ережелері Ережелер

- құрылыс нормалары мен ережелеріне дүние. КНМЕ-ге
жүзілік стандарттарға сәйкес келетін келтіріл. өзгертулер
ген қоршау конструкцияларының жылу беру қарсы.
лығына аз маңыздылық енгізу

- жобаларды сараптау негізінде энерготіімділік Жобаларды сараптау
нормативтерін сақтауды, сондай-ақ қоршаған ор. жөніндегі нұсқауға
таны қорғау жөніндегі шаралардың орындалуын өзгерту
талап етуді қатаңдандыру

- шығарылатын және әкелінетін энергияны пайда. сертификациялау
ланатын жабдықтарды, аспаптарды, халық тұтына. туралы Ережеге,
тын товарларды энерготіімділік көрсеткіштері нұсқауларға
бойынша дүниежүзілік стандарттармен салыстыра толықтырулар
сертификациялау және маркілеуді енгізу

7. Энергия сақтаудың аймақтық Бағдарламаларын Бағдарламалар
жасау

8. Мүдделі министрліктермен және басқа да Негізгі бағыттар
орталық атқарушы органдармен, кәсіпорындармен
бірлесіп энергия ресурстарын тиімді пайдалану
мәселелерін шешу және оларды жүзеге асыру
жөніндегі шаралар бойынша ғылыми-зерттеу және

тәжірибе-конструкторлық жұмыстардың негізгі бағыттарын жасау

9. Энергобалансқа дәстүрлі емес энергия көзде. Энергиякөмір. рін тарту жөніндегі бірінші кезекті шараларды өнеркәсіпмині жүзеге асыру бойынша бұйрық

10. 1996-1998 жылдарға энергиясақтау техноло. Жоспар-кестелер гиялары мен түзілімдерін өндіру жөніндегі кезекті шаралардың жоспар-кестесін жасау

11. Өнімнің, тауарлардың, көрсетілген қызмет. Мемстандарт тердің және 1 шаршы метр құрылыс объектілерінің бекіткен бірлігіне шығындалған энергияресурстарының ведомстволық өзіндік шығынының нормаларын жасау нормалар

12. 1996-97 жылдары энергия ресурстарды /жылу Жоспар-кесте энергиясы, су, газ/ пайдаланудың коммерциялық есеп жүйесін енгізудің жоспар-кестесін әзірлеу

13. Республиканың басым жобаларының тізбесін, Бағдарлама Жаңажол МПЗ құрылысын енгізе отырып, жұмыс істеп жатқан кәсіпорындарда кездескен мұнай газдарын кәдеге жарату бағдарламасын жасау және оны жүзеге асыруды бастау

14. Металлургия және химия өнеркәсібіндегі Бағдарлама жоғары температуралық технологиялардың екінші мәртелік ресурстарын кәдеге жарату бағдарлама. сын және оны жүзеге асырудың жоспар-кестесін жасау

Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар және қоса орындаушылар	Ескерту
-----------------	---	---------

1996 жылдың Энергиякөмірөнеркәсіпмині, Эконо. II тоқсаны микамині, Әділетмині, облыстар мен

Алматы қаласының әкімдері

1996 жылғы Экономикамині
наурыз

1996 жылдың Энергиякөмірөнеркәсіпмині, Қаржы. Үкіметтің 1996
IV тоқсаны мині, Экономикамині, Әділетмині жылғы 12 қаңтар.
дағы N 56 қау.
лысының 2 қосым.
шасына /т.92/
сәйкес

1996 жылғы Экономикамині, Кеден комитеті,
шілде Қаржымині, Энергиякөмірмині,
Әділетмині

1996 жылғы Бағамеммонсаясаткомы, Энергиякөмір.
қыркүйек мині, Әділетмині, облыстар мен
Алматы қаласының әкімдері

1996 жылғы Энергиякөмірмині, Мұнайгазмині,
қазан Өнеркәсіпсаудамині, Бағамеммонсая.
саткомы

1996 жылдың Мемстаткомы, Экономмині, Қаржымині
III тоқсаны

1996 жылғы Энергиякөмірмині
маусым

1996 жылғы Энергиякөмірмині
қыркүйек

Энергиякөмірмині

1996 жылғы Мұнайгазмині, Мемкенқадағалаукомы
маусым

1996 жылғы Құрылысмині
III тоқсан

1996 жылғы - " -

II тоқсан

1996 жылғы Мемстандарт

III тоқсан

1996 жылғы Облыстардың және Алматы қаласының Қостанай және
қыркүйек әкімдері Солтүстік

Қазақстан
облыстарының
тәжірибесін
пайдалану

1996 жылғы Ғылыммині - Ғылым академиясы, мүдделі
желтоқсан министрліктер

1996 жылғы Энергиякөмірөнеркәсіпмині Энергиякөмір.
өнеркәсіпмині-
нің 1995 жыл
қабылдаған
бағдарламасы
бойынша

1996 жылғы Өнеркәсіпсаудамині, Көліккоммині, Энергия үнемдеу
II тоқсан Құрылысмині, Энергиякөмірмині, ведомстволық
облыстар және Алматы қаласының бағдарламалар
әкімдері негізінде

1997 жылғы Өнеркәсіпсаудамині, Құрылысмині,
II тоқсаны Көліккоммині, Мұнайгазмині,
Энергиякөмірөнеркәсіпмині,
Мемстандарт

1996 жылғы Облыстардың және Алматы қаласының Коммуналды
II тоқсан әкімдері, Энергиякөмірмині, Мұнай. тұрмыстық
газмині, Өнеркәсіпсаудамині, тұтынулары.
Құрылысмині мен бюджет
ұйымдары

1996 жылдың Мұнайгазмині, Экономикамині
желтоқсаны

1996 жылдың Өнеркәсіпсаудамині
желтоқсаны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК